Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір козден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Қазақстан халқына арналған Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауынан үзінді, 1-тарау «Жаңа экономикалық саясат»:

– «Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін қалыптастыру қажет. Сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің басымдықтары сапаға негізделуі тиіс, ал ең төмен бағаның болуы басты көрсеткіш болмауы керек».

2022–2024 жылдар аралығында тауарлар мен қызметтер бағалық ұсыныстарды сұрату және ашық конкурс тәсілдері арқылы сатып алынды. Практика көрсеткендей, сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы төмен болды, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көп жағдайда бір реттік және ай сайын көрсетілетін қызмет жеткізушілері байланысқа шықпады, қызметті үзіліспен көрсетті, сапасыз тауар жеткізді, бұл өз кезегінде мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелерге, жалпы алғанда мемлекетке зиян келтірді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекеттің атынан әрекет етеді. Бағаның төмендігі мен тауарлар мен қызметтердің сапасыздығы салдарынан мемлекеттік сатып алу шарттары бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, алайда олар мемлекеттік саясаттың қажетті нәтижелеріне қол жеткізген жоқ. Сатып алу рәсімдерін қайта өткізу мерзімдерді созуға және қаржы қаражатының игерілмеуіне әкелді, бұл тапсырыс берушінің заттай және заттай емес нәтижелер бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсерін тигізді. Маңызды сомаларға сатып алу жүргізу сапасыз және адал емес жеткізушілердің артуына, сондай-ақ артық әкімшілік сот ісін жүргізуге алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының оңтайлы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы қаражатты тиімді әрі ұтымды жұмсау мақсатында, мектепті күзету қызметтерін және журналдарға жазылу қызметтерін бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы шешім қабылданды.

Мектеп директоры **Д.М.Джумартова**